

КОНСТИТУЦИЯ-ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ



АУЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 86 (8472) Сейсенбі 30 тамыз 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

Аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы Шүкеевтің Қазақстан Республикасының Конституциясы және Білім күнімен құттықтауы

Қымбатты аудан тұрғындары!
Сіздерді еліміздің ұлы мерекесі-Қазақстан Республикасының Конституциясының 21 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

“Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы-халық”-деп таныған Ата Заңымыз қабылданған күннен бастап, жаңа Қазақстан жетістіктерінің берік кепіліне айналды. Тиімді құқықтық жүйені орнықтыру арқылы экономикалық өсімге және қоғамның әл-ауқатының артуына қол жеткізіліп келеді. Конституция Қазақстанның тәуелсіздігін біржолата бекітіп, мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуына негіз болатын басты шарттарды, Елімізде тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім қалыптастырды. Ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының сенімді қорғалатындығына кепіл болды. Елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай бүгінде біздің еліміз Ата Заңымыз бойынша өмір сүреді. Конституция қабылданғаннан кейін Қазақстан өзінің одан әрі даму жолын түпкілікті таңдап алды. Бүкілхалықтық референдумда қабылданған осы негізгі Заң, шын мәнінде, келісімге айналды, сол бойынша Үкімет Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетке айналдыруды өзіне басты міндет етіп алды, ал азаматтар Конституцияны және еліміздің заңдарын бұлжытпай орындауға жауапкершілігін өз мойындарына алды.

Құрметті аудан тұрғындары!

Конституция күнімен тұспа-тұс Білім күні де келіп отыр. “Ұлтымыздың болашағы жас ұрпақтың қолында”-деп ұлағатты ұстаздардың қоғамдағы орнын айрықша атаған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында баса айтқан болатын. “Ұстаз”-деген ұлық атақ-абыройды биік ұстап, еліміздің өркендеп өсуіне өз үлесін қоса білетін, жан-жақты дамыған тұлға-азаматтарды қалыптастыруда ұстаздар қауымының табыстан табысқа жете беретініне сенім білдіремін.

Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 21 жыл толған мерейлі мерекесімен және ел өмірінде елеулі орын алатын Білім күнімен құттықтай отырып, алдағы уақытта Ата Заңымыздың аясында білім мен еңбекті ұштастырып, толағай табыстарға қарышты кадам баса берулеріңізге шын жүректен тілектеспін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Мемлекетіміз молшылыққа, ал әрбір шаңырақ шаттыққа кенеле берсін.

АТА ЗАҢ АРДАҚТАПҒАН КҮН

Б. Жақсымбетов,
“Ауыл жаңалығы”.

Әлбетте, адам құқықтары мен бостандықтарының кепілі, елдігіміз бен береке-бірлігіміздің айқын белгісі бола білген Ата Заңымыздың абыройы асқақ, мәртебесі биік. Бұл орайда, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Конституцияны қатаң ұстану – бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру – бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз», – деп атап өткені белгілі. Демек, мемлекеттің ұстанымы мен ұлттың құндылығын айқындайтын Конституцияның еліміздің тарихындағы орны бөлек. Осыған орай, аптаның дүйсенбісі күні әл-Фараби атындағы мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 21 жылдығына арналған салтанатты жиналыс болып өтті.

Аудан әкімі Мұратхан Шүкеев, аудандық мәслихат хатшысы Нұржан Тлепов, аудан әкімінің орынбасарлары, аппарат басшысы, барлық мекеме, бөлім басшылары мен қызметкерлері, аудан ардагерлері, жастар, бұқаралық аппарат құралдары өкілдерінің қатысуымен ұйымдастырылған шарада Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы әкелініп, еліміздің Гимні орындалды.

Алдымен сахнаға көтеріліп, салтанатты жиналыстың баяндамасын жасаған аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы:

– Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын. Жаңа мемлекетіміздің құқықтық негізін айқындаған Ата Заңымыздың қабылданғанына биыл 21 жыл толып отыр. Өркениетке тән барлық демократиялық қағидалармен толық қамтылған Конституциямыз бірлігіміздің тұрақтылығын, мемлекеттік құрылыс пен еліміздің тұтастығын бекітіп берді. Әрбір азаматтың өзін тең сезінуіне және құқықтарын сақтауына берік негіз болды. Жасампаз жаңа дәуірге кең жол ашты. Еліміздің жеткен жетістігі мен алған белесі осы тұғырлы Конституцияның арқасында



мүмкін болды.

Осының бәрі қолданыстағы Ата Заңды арқау ете отырып, оның ережелерінен еш ауытқымай, елге, халыққа қызмет етіп отырған Тұңғыш Президент – Елбасының сабырлы конституциялық саясатының арқасы. Бүгінде, Қазақстан мемлекеттілігінің нығаюына, еліміздің дамуына, халқымыздың өсіп-өркендеуіне

Н.Тлепов жүргізді. Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мемлекеттік мерекесіне орай және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан қомақты үлестері үшін Жамбыл облыстық телекоммуникация дирекциясының Байзақ ауданындағы сату учаскесінің сату маманы Ботагөз Керейбаева аудан әкімінің Құрмет грамотасымен, аталмыш мекемедегі стансалық учаскенің жетекші инженері Мақсат Нұрбаев, аудан әкімі аппаратының кеңсе бөлімшесінің бас маманы Гаухар Шатаева, Сарыкемер ауылдық округі әкімі аппаратының іс жүргізуші-бас маманы Олжас Әділханұлы, “Шипагер” ЖШС-і тіс емханасының бас дәрігері Елнар Жаманқұловтар аудан әкімінің Грамотасымен, сондай-ақ “Рауан” ЖШС-нің прорабы Сәрсенбай Битанов аудандық мәслихаттың Құрмет грамотасымен марапатталды.

Сахнадан мемлекеттік Ту түсіріліп, еліміздің Гимні орындалған



негіз қалап берген Конституция Тәуелсіздігімізді тұғырлы етуге де әлеуетті екенін танытып отыр.

Сіздерді елдік пен ерліктің, адалдық пен татулықтың, ар мен намыстың кепілі болған Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін, – деді.

Бұдан кейінгі салтанатты шара марапаттау рәсіміне ұласып, оны аудан әкімі М.Шүкеев пен аудандық мәслихат хатшысы

соң, салтанатты жиналысқа қатысушылар мерекелік концертті тамашалады.

“Шолпан” халық ән-би ансамблі мен К.Әзірбаев атындағы саз мектебі өнерпаздарының орындауларындағы әсем әндері көрерменді бір серпілтіп тастаса, аудандық балалар мен жасөспірімдер орталығының бишілер тобының мың бұралған билері көңілге көрікті ой ұялатып, жаңға жалынды жігер сыйлады.

Сөйтіп, салтанатты жиналыс өз мәресіне жетіп, Ата Заңның абыройы асқақтай түсті.

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай

Бастауыш партия ұйымында кабинет ашылды

М.ШАЛҒЫНБАЙ,
“Ауыл жаңалығы”.

Аудандағы бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ұйымдастырумен үш топтан құралған 206 партия мүшесі бар «Түймекент» бастауыш партия ұйымында салтанатты түрде кабинет ашылды.

Шараның салтанатты ашылу рәсіміне Түймекент ауылдық округі ардагерлер алқасының төрағасы Оразалы Бозай, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Шолпан Байтақова, Түймекент ауылдық округі әкімінің орынбасары Талғат Мысықбаев, «Түймекент» бастауыш партия ұйымының бюро мүшелері мен бұқаралық ақпарат



құралдарының өкілдері қатысты.

Ш. Байтақова, аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары:

– Бастауыш партия ұйымдары – партияның тірегі, олардың жетекшілері соңынан халықты ерте алатын, беделді азаматтар.

Біздің бүгінгі күнгі басты міндетіміз – бастауыш партия ұйымдарының жетекшілеріне ерекше назар аудару. Бүгінгі ашылып отырған бастауыш



ұйымының партия кабинеті ендігі кезекте түрлі деңгейдегі басқосулар орны болмақ.

Оразалы Бозай, Түймекент ауылдық округі ардагерлер алқасының төрағасы:

– Елбасының Ұлт жоспарындағы

кабинет деуге болады.

Бұл кабинеттің ашылуы партия жұмысының жандануына өз септігін тигізгі анық.

Шырын Қапарова, “Түймекент” бастауыш партия ұйымының төрайымы:

к ө р н е к т і идеялары, терең ойластырылған тұжырым-дамалары мен бағдарламаларын, әрбір азаматқа жеткізу жұмыстары барлық бастауыш партия ұйымдарында жалғасып келеді.

Соның нақты дәлелі – бүгінгі “Түймекент” бастауыш партия ұйымындағы лентасы қиылған

– Аудандық партия филиалына қарасты «Түймекент» бастауыш партия ұйымының қатары жылдан-жылға өсуде. Міне, өздеріңіз көріп отырғандай, бүгінде ұйымда партия қатарына өткен нұротандықтар саны 206-ға жетіп отыр.

Біздің ұйым Елбасының бес институционалдық реформаны жүзеге асыру барысындағы 100 нақты қадам бағдарламасын жүзеге асыру, барлық маңызды тапсырмаларын сапалы орындауға, партияның 9-жобасын, сайлауды тұғырнаманы жүзеге асыруға, партия филиалы жұмысының деңгейін одан әрі жоғарылатып, үлкен жетістіктер көрсетуге ерекше ықпал етеді деп сенемін», – дейді.

Алдағы уақытта «Түймекент» бастауыш партия ұйымының кабинеті ел мүддесіне қызмет ететін болады деген сенім мол.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БАЙЗАК АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Сарыкемер ауылы

№398

26 тамыз 2016 жыл

КҮЗГІ АБАТТАНДЫРУ, КӨГАЛДАНДЫРУ, КӨГЕРІШТЕНДІРУ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ ЕКІ АЙЛЫҒЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-ші бабының 16-тармағына сәйкес, аудан аумағында күзгі абаттандыру, көгалдандыру, көгеріштендіру және санитарлық тазалық екі айлығында жұмыстарды жүргізу мақсатында Байзақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан аумағында 2016 жылдың 1 қыркүйегінен 1 қарашасына дейін күзгі абаттандыру, көгалдандыру, көгеріштендіру және санитарлық тазалық екі айлығын өткіз у жариялансын.

2. Күзгі абаттандыру, көгалдандыру, көгеріштендіру және санитарлық тазалық екі айлығын өткізуге басшылық жасау үшін төмендегідей құрамда аудандық штаб құрылсын:

Қылыбаев Әзімхан Қылыбайұлы - аудан әкімінің орынбасары, штаб төрағасы;

Қойлыбаев Рашид Абсатұлы - аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы, штаб төрағасының орынбасары;

Нахимов Еркін Жұмабекұлы - аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы, штаб хатшысы.

Штаб мүшелері:
Жүнісов Еркем Меңлібайұлы - «Байзақ ормандары және жануарлар дүниесін қорғау» жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (*келісім бойынша*);

Мырзақұлов Ержан Ахметұлы - Байзақ аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы (*келісім бойынша*);

Дауренбеков Арман Бейсенбайұлы - Байзақ аудандық ІІБ-нің жергілікті полиция қызметінің басшысы, полиция капитаны (*келісім бойынша*);

Жақсымбетов Бауыржан Пәрмешұлы

- Байзақ аудандық «Ауыл жаңалығы» - «Сельская новь» газетінің редакциясы» ЖШС-нің Директоры (*келісім бойынша*);

Сыздықов Сәкен Шәмшіұлы - аудан әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы;

Бибосынов Төлеген Асханбекұлы - аудан әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы;

Тлеуқұлова Сәуле Сейдімханқызы - Сарыкемер ауылдық округінің әкімі;

Төленбергенов Абдан Баяуұлы - Байзақ аудандық тұтынушылар құқықтарын қорғау басқармасы басшысының міндетін атқарушы (*келісім бойынша*).

3. Аудан бойынша 2016 жылдың 1 қыркүйегінен 1 қарашасына дейінгі аралықта күзгі абаттандыру, көгалдандыру, көгеріштендіру және санитарлық тазалықтың екі айлығын өткізу барысында орындалатын жұмыстардың жоспарланған мөлшері осы қаулының № 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

4. Ауылдық округ әкімдеріне күзгі абаттандыру, көгалдандыру, көгеріштендіру және санитарлық тазалық екі айлығының іс-шаралар жоспарын жасау және орындау тапсырылсын.

5. Аудандық мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар және қоғамдық орындардың басшыларына күзгі абаттандыру, көгалдандыру, көгеріштендіру және санитарлық тазалық екі айлығын ұйымдастыру ұсынылсын.

6. Аудандық «Ауыл жаңалығы» - «Сельская новь» газеті редакциясына (Б.Жақсымбетов, келісім бойынша) қоғамдық орындарды абаттандыру және сыртқы безендіру екі айлығын жүргізу барысы және оған еңбек ұжымдары мен тұрғындардың атсалысуы туралы ақпаратты үнемі жариялау ұсынылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Әзімхан Қылыбайұлы Қылыбаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

М.Шукеев.

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
акимата Байзакского района
Жамбылской области**

с.Сарыкемер

№351

29 июля 2016 года

(Прошло государственную регистрацию в департаменте юстиции Жамбылской области 22 августа 2016 года за №3152)

**Об установлении квоты
рабочих мест для инвалидов**

В соответствии с подпунктом 14 пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и пунктом 6 статьи 9 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О занятости населения» акимат Байзакского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Установить квоты рабочих мест для инвалидов согласно приложению данного постановления.

2. Коммунальному государственному учреждению «Центр занятости населения акимата Байзакского района» принять меры по содействию в трудоустройстве инвалидов, в соответствии с квотой.

3. Признать утратившим силу постановление акимата Байзакского района от 27 января 2012 года № 21 «Об установлении квоты рабочих мест для инвалидов» (зарегистрировано в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 6-2-137 от 17 февраля 2012 года, опубликовано 22 июля 2012 года в газете «Ауыл жаңалығы»-«Сельская новь» в № 22-23).

4. Контроль за исполнением данного постановления возложить на заместителя акима района Кенжебаева Сагындык Жумагуловича.

5. Настоящее постановление вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Акима района

М.Шукеев

Приложение к постановлению акимата Байзакского района № 351 от 29 июля 2016 года

**СПИСОК ОРГАНИЗАЦИЙ «ОБ
УСТАНОВЛЕНИИ КВОТЫ РАБОЧИХ
МЕСТ ДЛЯ ИНВАЛИДОВ»**

Наименование организаций	Количество рабочих мест	Процент квоты	Количество рабочих мест согласно установленной квоты
Товарищество с ограниченной ответственностью «ROLA-7»	50	2%	1
Коммунальное казенное государственное предприятие «Байзакская центральная районная больница»	99	2%	2
Коммунальное государственное учреждение «Отдел образования акимата Байзакского района»	68	3%	2
Всего	1093	-	5

**КОНСТИТУЦИЯ-
мемлекетіміздің Негізгі Заңы**

**Д. ТАСЫБАЕВ,
Байзақ аудандық
сотының төрағасы.**



Конституция күні-біздің мемлекетіміздің, халқымыздың ең ұлық мерекелерінің бірі. Еліміздің Конституциясы-мызғымас мемлекеттігіміздің алтын қазығы, қазақстандықтардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің кепілі болып табылады. Ол қоғамда демократияны дамытуға және елде бейбітшілік пен келісімді нығайтуға серпін береді. Ең бастысы-Конституция халықтың құқығы мен бостандығын қорғайтын негізгі заң.

Биыл Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 21 жыл толып отыр. Ата Заң - халқымыздың ғасырлар бойы тәуелсіз ел болуын көксеген армандарын жүзеге асырған, мақсат-мүддесін құқықтық мемлекет ретінде заң тілінде өрнектеген, дүниежүзі мемлекеттеріне, бүкіл адамзатқа жер бетінде берік те, нық Қазақстан деген мемлекет бар екенін жария еткен заңды күші бар құжат.

Конституцияда құқық тәртібін нығайту мақсатында сот жүйесіне үлкен маңыз бөлінді. Жоғары Соттың басқаруымен сот төрелігі қысқартылған әрі біріктірілген сот жүйесін құрды. Қабылданған конституциялық ережелерді орындау үшін ел арасында шаралар ұйымдастырылып, конституция заңдылығын қамтамасыз етуге зор мүмкіндік туды.

Елдегі тәртіп пен ұлтаралық қауіпсіздікті сақтауда Ата Заңымыз ауқымды рөл атқарады. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Жаңа Конституциямызға «Соттар және сот төрелігі» деген атаумен арнайы бөлім енгізіліп, 75-82 баптар сот құрылымын реттеді.

Ата заңымызға сәйкес, енді барлық жергілікті соттардың судьяларын тұрақты түрде ҚР Президенті тағайындауы, ал Жоғарғы Сот

судьяларын тұрақты түрде ҚР Парламенті Сенаты сайлауы тәртібі енгізілді.

Сот - құқықтық реформаларының әр кезеңдерінен өтіп, қазіргі кезге келетін болсақ, бүгінгі күні Қазақстанда әлемдік стандарттарға көп жағынан сай келетін жаңа сот жүйесі құрылғанын айту қажет.

Соттардың істер бойынша мамандандырылу процесі аяқталып келеді. Еліміздің барлық облыстарында

мамандандырылған экономикалық, әкімшілік, әскери соттары, аса ауыр қылмыстарды қарайтын қылмыстық соттар, кәмететке толмағандарға қатысты істерді қарайтын мамандандырылған соттар жұмыс жасауда.

Соттардың мамандануы мәселесінің орындалуы ондағы қаралып жатқан әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істердің неғұрлым жоғары сапада шешімін табуына және ол істердің заңда көзделген мерзімінде қаралуына оң әсерін тигізеді.

Елбасының «100 нақты қадам»-Ұлт жоспарында азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот жүйесі инстанцияларын онтайландыру көзделіп, бес сатылы сот жүйесінен (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) үш сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот төрелігі жүйесіне көшті.

Конституция біздің басты құндылықтарымызды - Тәуелсіздікті, Бейбітшілік пен Тұрақтылықты ғасырларға бекітті.

Конституциялық құндылықтар-қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі. Тәуелсіз Қазақстан елінің азаматтарының саяси, азаматтық, көпұлттық бірлігі, болашағы біртұтас Мәңгілік Елді құру ортақ мұраты болып табылады.

Ең бастысы Ата Заңымыз - еліміздің басты мемлекеттік-құқықтық актісі болып табылады. Олай болса аудан тұрғындарын лсы бір мерейлі мерекемен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға табыс тілеймін.

НАКАНУНЕ ПРАЗДНИКА

Конституция – это главный документ, обеспечивающий развитие нашей страны как демократического, правового, социального и светского государства.

Подъем экономики страны, рост благосостояния народа, широкие возможности, открывающиеся перед людьми, авторитет Казахстана на международной арене – всё это свидетельство торжества нашего Основного Закона.

В преддверии празднования Конституции Республики Казахстан в центральной районной больнице был завершён капитальный ремонт реанимационного отделения и текущий ремонт территории. Проводили его подрядчики ТОО «Фрайзер Строй Проект» и ТОО «Рауан». Первое



провело капитальный ремонт реанимационного отделения больницы на сумму 28 млн. 911 тысяч тенге, второе - текущий ремонт внутриплощадных асфальтовых покрытий и тротуаров из брусчатки на 9 млн. 810 тысяч тенге.

Последние штрихи ТОО «ФрайзерСтройПроект» произвело буквально накануне праздника. Дополнительно к тому ремонту, который у них был запланирован в реанимационном отделении, они сделали монтаж козырька главного входа из металлоконструкции 5 x15 квадратных метров, ремонт главной лестницы, ремонт фойе и трёх коридоров больницы, устройство пандуса из бетона.

Остальные работы по асфальтному покрытию территории больницы произвело ТОО «Рауан».

Благодаря их стараниям главный вход и площадка перед входом в основной корпус здания центральной больницы преобразились.



Дополняют общую картину новизны асфальтное покрытие и тротуары из брусчатки. Новое покрытие украшает не только площадку перед входом в больницу, но и брусчатые тротуары, ведущие во внутренний дворик - в поликлинику, столовую, инфекционное отделение.

Всего ТОО «Рауан» произвело асфальтное покрытие площадью 1760 квадратных метров и тротуаров из брусчатки - 206,75 квадратных метров.

Особенно довольны работники реанимационного отделения, ведь капитальный ремонт не проводился здесь со дня основания больницы.

«Если раньше в отделении были общие палаты на 6 мест, то теперь для больных после операции имеются одноместная и двухместная палаты и третья палата реанимационной терапии на три места.

Все они соединены между собой сквозными пластиковыми окнами. Медсестра, зайдя в одну из них, может наблюдать за больными во второй и третьей палатах. Казалось бы, «мелочь», но



для работы это большой плюс. Это способствует эффективности работы», - говорит заведующий реанимационным отделением районной центральной больницы М.Мадимаров.

Наш корр.

**Жамбыл облысы Байзақ
ауданы әкімдігінің Қаулысы**

Сарыкемер ауылы №351 29 шілде 2016 жыл

(Жамбыл облыстық әділет департаментінен 2016 жылдың 22 тамызында №3152 нөмірмен мемлекеттік тіркеуден өткен)

**МҮГЕДЕКТЕР ҮШІН ЖҰМЫС
ОРЫНДАРЫНА КВОТА БЕЛГІЛЕУ
ТУРАЛЫ**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 6 тармағына сәйкес Байзақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Байзақ ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мүгедектерді квотаға сәйкес жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша шараларды қабылдасын.

3. Байзақ ауданының әкімдігінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы № 21 «Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2012 жылғы 17 ақпандағы № 6-2-137 болып тіркелген, Байзақ аудандық «Ауыл жаңалығы - Сельская новь» газетінің 2012 жылғы 22 шілдедегі № 22-23 нөмірінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Сағындық Жұмағұлұлы Кенжебаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Шукеев

Байзақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 351 қаулысына қосымша

**МҮГЕДЕКТЕР ҮШІН ЖҰМЫС
ОРЫНДАРЫНА КВОТА БЕЛГІЛЕНГЕН
ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

Ұйымның атауы	Жұмыс орындарының саны	Квота саны	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны
«ROLA-7» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2%	1
«Байзақ аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	99	2%	2
«Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	68	3%	2
Барлығы	1093	-	5

ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

29 ТАМЫЗ-ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ ЖӘНЕ СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛУЫНА 25 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ “НҰР ОТАН” ПАРТИЯСЫНЫҢ ҒИМАРАТЫНДА ЖИЫН ӨТІП, ОНЫ “ЕРЕКШЕ ТӘУЕКЕЛДІ СОЛДАТТАР” ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ БАЙЗАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША ТӨРАҒАСЫ НҰРБОЛ ПСИБАЕВ АШТЫ.



Төраға

жиналғандарды еліміздің жарқын мерекесі Конституция күнімен және Семей полигонының жабылғанына 25 жылдығымен құттықтап, өткен ғасырда қазақ жерінде жүргізілген ядролық сынақ полигонының зардаптарына тоқталды. Елбасының ерен еңбегінің арқасында Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлығының мәнін, сонымен қатар ядролық қарудан азат әлем құру жөніндегі Мемлекет

басшысының құнды және “Семей полигонының жабылғанына 25 жыл” бастамасы, БҰҰ 29 тамызды-Ядролық сынақтарға қарсы іс-меделімен марапаттады.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы К. Бесбаев кешегі сарбаздар, бүгінгі атпал азаматтарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, лебізін білдірді.

Алқалы жиында қатерлі аймақтарда әскери борышын өтеген Ақшолақ стансасының тұрғыны Ә.Ақшабаев және сарыкемерлік Е. Алимбаевтар өздеріне көрсетіп жатқан құрметке алғысын айтып,

естеліктерімен бөлісті.

қимылдың халықаралық күні деп жариялағандығын айтты. Желкілдеп өсіп келе жатқан жастар бойына отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді сіңірудің маңызын сөзге ете келе, қауіпті аймақтарда азаматтық борышын өтеген азаматтарды республикалық “Ерекше тәуекелді солдаттар” қоғамдық бірлестігінің төрағасы В. Горпиненконың қолы қойылған Алғыс хатпен

Айтулы шараға орай ұйымдастырылған жиында бірлестіктің төрағасы Нұрбол Псибаев қоғамдық бірлестік мүшелері Ж.Амалбаев, Ә.Ақшабаев, Ж.Құрманов, Е.Алимбаев, Ж.Сықымбаев, Н.Нұртаев, А.Бесбаев, Х.Жұмабаев, Е.Төлеевтерге мерекелік медальмен, Алғыс хатты табыстады.

Өз тілшіміз.

МАҢЫЗДЫ ШАРАҒА АРНАЛДЫ

Кеше, Байзақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде «Жер шары – бейбітшілік планетасы» тақырыбында өткен шарада аға кітапханашы Раушан Күздеубаева баяндама жасады.




Баяндамашы тәуелсіз еліміздің қол жеткізген табыстарына, Елбасының сарабал саясатының арқасында Қазақстан Республикасы әлемге танылғанын, бүгінде тәуелсіз ел алдында тұрған басты міндеттерді айтып, Семей жеріндегі жойқын сынақтарға тоқталды. Бұдан соң оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Н. Сапаралиева қазақ халқының мақтаныштары: Абай, Шәкәрім, Мұхтар секілді айтулы тұлғалар өмірге келген киелі топырақта ядролық сынақ өткізілгенін, оның қайғы мен қасіреті туралы жыр шумақтарын төгілтіп оқыды.

Шара соңында “Полигон зардабы” деген тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылып, онда қойылған туындылармен таныстырылды.

Айтулы шараға орай Мырзатай ауылдық кітапханасында «Қасірет шеккен жер» танымдық сағаты, Ынтымақ ауылдық кітапханасында «Қайғы мен қасірет алаңы» деген тақырыпта ақпарат сағаты өткізілді. Өз тілшіміз.

NUCLEAR SECURITY SUMMIT
WASHINGTON 2016



ҚАСІРЕТ ЕШУАҚЫТТА ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Кеше, Ғ. Мұратбаев мектеп-гимназиясында «Жер шары – бейбітшілік планетасы» тақырыбында өткен шараны Сарыкемер ауылы әкімі аппаратының бас маманы О. Әділханұлы ашты. Аталмыш шарада аталмыш мектептің қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі С.Рамазанов Семей жеріндегі қасірет туралы мағыналы баяндама жасады.

сақтау, Ұлт жоспарындағы басым бағыттарды іске асыру, бейбітшілік пен келісім, тұрақтылық пен қауіпсіздік идеяларын жақтаушы мақсатын аттап, Семей ядролық полигонын жабу және ядролық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі ұсыныстары туралы ойларын ортаға салды.



1949 жылдың 29 тамызында қасиетті Семей жерінде ядролық қарудың ең алғашқы сынағы өткізілген, деп сөзін бастаған баяндамашы, аталмыш өңірде қырық жылдан астам уақыт ішінде атмосферада, жерде және жер астында 470-ке жуық жойқын сынақтар жасалғандығын, одан зардап шеккен адамдар тағдыры жайында сөз қозғады.

Ол сонымен қатар 1989 жылы құрылған «Невада-Семей» қозғалысының басында тұрған ақын Олжас Сүлейменовтің еңбегін, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың 1991 жылдың 29 тамызында «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлығының маңызын да тарқатып айтты.

Шараға қатысушылар ел Тәуелсіздігінің 25 жылы қарсаңында республиканың түкпір-түкпірінде өтіп жатқан іс-шаралардың дені тәуелсіздікті ұлықтау, егемен еліміздің бірлігімен татулығын әспеттеу, бейбітшілікті

Мұнымен қатар аудан жастары Семей ядролық сынақ полигонына қатысқан азаматтармен жүздесті. “Полигон жаңғырығы: Семей полигонының жабылғанына 25 жыл” атты дөңгелек үстелдер, “Жырланып жатқан жылдарым” айдарымен тарихи-танымдық шара, “Ешкім де ештеңе де ұмытылмайды” тақырыбында әдеби-сазды кештер, “Ядросыз Әлем”, “Ядролық қару ұрпаққа қауіпті” атты оқу орындарында ашық тәрбие сағаттар өткерілді. “Біз ядролық қаруға қарсымыз!”, “Біз таңдаған жол-бейбітшілік” жастар-флэш-мобы, “Қазақстанның экологиялық мәселелері және атом зардаптары” атты медицина саласы қызметкерлерінің “дөңгелек үстел” отырысы, “Дені сау ұрпақ-ұлт болашағы” спорттық марафон, “Жазықсыз жапа шеккендер” тақырыбында ауыл жастарымен танымдық шаралар ұйымдастырылды.

Өз тілшіміз.

«ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАРҒА АНЫҚТАМА БЕРУ»

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО);

2) көрсетілетін қызметті беруші;

3) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап – 10 минут;

ХҚО-да және порталда – 15 минут;

2) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 10 минут; ХҚО-ға жүгінген кезде – 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетуің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 10 минут; ХҚО-ға жүгінген кезде – 15 минут;

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жұмыссыз ретінде тіркеу туралы анықтама (бұдан әрі – анықтама).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – www.mzsr.gov.kz интернет-

ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі;

2) ХҚО-да – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру үшін мемлекеттік қызметті алушының тіркелген жері бойынша, жеделдетіп қызмет көрсетусіз «электрондық» кезек тәртібінде көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы «орындауға» болады.

3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыссыз азаматты тіркеу туралы анықтама беруге өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:

көрсетілетін қызметті берушіге не ХҚО-ға:

1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе паспорты, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты және азаматтығы жоқ адамның куәлігі), оралмандар үшін – оралман куәлігі (жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажет).

порталға:

көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

Электрондық өтініште көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттағы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті беруші, ХҚО қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімі алады.

Портал арқылы сұрау берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде»

мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус көрінеді.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, ХҚО және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының не Астана және Алматы қалалары, аудандар және облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің (бұдан әрі – әкім) атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Астана және Алматы қалалары, аудандар және облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің (бұдан әрі – әкімдік) кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе әкімдіктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып шағымды тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні), оның қабылданғанын растау болып табылады.

ХҚО қызметкері дәрежі қызмет көрсеткен жағдайда, шағым ХҚО басшысының атына беріледі. ХҚО кеңсесіне қолма-қол да, почта арқылы да келіп түскен шағымды тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілесіп хатқа қойылады), оның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жанартып отыратын (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе ХҚО-ның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағым, оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап

көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе ХҚО-ның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағым, оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар «1414» Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды ХҚО қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайлары:

1) Министрліктің – www.mzsr.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде;

2) ХҚО-ның – www.con.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету статусы туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірінғай байланыс орталығы «1414» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 24 07 49, 24 12 91.

Ғасырым – менің айтар газалым бұл...

(Білім күніне жыр-тілек)

А. НАДИРБАЕВ,
Н.Книбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Бүгіннен не тосамын, күтем нені,
Жетелейді алға тек сенім мені.
Дәуірге ризамыз шүкір міне,
Қазақтың басында тұр Егемені.

Құламас көкте Туым желбіреген,
Елдігін ер арқалап, елім деген.
Ғасырым – менің айтар газалым бұл,
Ғазалым бұл қарағым, ескірген.

Өкпегін өткен күннің көрдік те біз,
Өзекті өксік өртей кеуіткі теңіз.
Мынау бақ басындағы тек
тұрған жоқ,
Бабалар басын беріп жеткен жеңіс.

Үңілсең осылай бір өткеніңе,
Осының бәрі ендеше текке деме.
Тарихым - Қағанаттан қалған мұра,
Ұлы аманат бұл Дала ізгі өнеге

Қош келдің, алтын ұя - мектебіңе,
Күреңді ерттеп міне Күз келді ме?
Айтшы, бала, бұл күзден не байқадың,
Айтшы, қане, бірдеңе өзгерді ме?..

Қарайсың көзің тоймай тамсанасың,
Кіруге сәл әуелде жасқанасың.
Бұл сенің мектебің гош жаңа, әдемі,
Танымай қалдың ба сен астанасың.

Көрсетің білімнің енді осында,
Жаңа дәуір алдында сен тосылма.
Сенің алғаш жаттаған әріптерің,
Жасын болып жарқырап әр жасыңда.

Қарайды бәрі саған зор үмітпен,
Ата-ана, ұстаздарың, ел несібі.
Жігерлі болса жастар жеткеніміз,
Өркеніміз орасан кемел неткен.

Біліммен ашылады бақ есігі,
Жас ұрпақ ырысы мол, ақ несібі.
Келешек кемелінен кенде қалмас,
Ғылымда алда болса Ұлт есімі.

Ертеңнен не күтемін, көрем нені,
Жетелейді алға тек сенім мені.
Дәуірге ризамыз шүкір міне,
Алаштың асқақтады Егемені!
Қуантып келеді ылғи осы мені...



ТАМЫЗДЫҢ 1-ІНЕН БАСТАУ АЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ ТӨМЕН ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ, БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПКЕ БАРМАЙ ҚАЛУЫНЫҢ АЛДЫН



АЛУ, КӨПБАЛАЛЫ ЖАНҰЯЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫНА ЖӘРДЕМ БЕРУ МАҚСАТЫНДА “МЕКТЕПКЕ ЖОЛ” АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ “БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ МЕКЕНІ” АТТЫ ҰРАНМЕН ӨТУДЕ.

Акция аудан орталығында, 18 ауылдық округтер мен білім ошақтарында қайырымдылық көрсетушілер, жеке азаматтар, кәсіпкерлердің қатысуымен “Балаларды мектепке жинауға көмектес”, “Оқушыға мектепке барар жолды табуға көмектес”, “Барлық балалар мектепте оқуға тиіс”, “Мектепті таңдаймын”, “Мектепке сыйлықтар!” атты тақырыптармен өтуде.

Өткен аптаның жұмасында аудан орталығындағы “Байзақ баба” мешітінде мешіт жасағанының мұрындық болуымен “Балаларға қуаныш сыйлайық!” атты

Сауапты іске үлес қосуда

қайырымдылық шарасы өтіп, онда бас имам Р. Азизов жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруінің маңызы, бойына адамгершілік асыл қасиеттерді жинап өскен жасты “көргенді”



деп айтатындығын, жүрегінен нұр, өңінен жылу кетпейтін, әрдайым жақсылық жолын ойлайтын, әр істе әділдік көрсететін адамдарды “иманды” деп атайтындығын сөз етті. Әрі мұндай адамдар сауапты істердің басында жүретіндігін, елімізде өтіп жатқан “Мектепке жол” акциясына қолдау көрсетіп, жәрдем беру-әр азаматтың парызы екенін атап өтіп, бұл игілікті шараға ауыл имамдары түгелдей атсалысып отырғанын тілге тиек етіп, көмекке зәру балаларға қол ұшын берудің өзі қайырлы іс екенін айтып өтті. Азаны А. Көшербаев болса көмекті қажет ететін жас өскіндерді қолдап, барымен бөлсудің маңызын әңгімеледі.

Акцияда 10 балаға мектеп құралдары салынған сөмкелер табыс етілді.

Аудан орталығындағы “Байзақ баба” мешітінде тамыз айының 1-інен бүгінгі күнге дейін 3 рет қайырымдылық шарасы өткізіліп, жалпы 28 балаға сөмке, мектеп құралдары табысталды. Өз тілшіміз.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

Құрметті Дәмеш Шайхқызы Усқумбаева!
Сіз ұлағатты ұстаз, Шу ауданы әкімінің орынбасары, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары қызметтерін жемісті атқарған беделі биік тұлғасыз. Талап қоя білетін, іскер ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде құрметке бөленген Сіз 2016 жылдың 22 мамырынан бастап, Байзақ ауданы әкімдігі білім бөлімінің басшысы болып қызмет атқарып келесіз. Өмірлік тәжірибесі мол Сізді жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Мықты денсаулық, ел игілігі жолындағы еңбегіңізге табыс тілеймін.

Ізгі тілекпен:

Есіркеп Серікбайұлы,
Байзақ ауданының Құрметті азаматы.
Т-299-08-86.



ЖЕМ ШӨПТЕРДІ ЖИНАЙТЫН ЖЕРЛЕРДІ ҰСТАУ ТӘРТІБІ

И. РЫСАЛДИЕВ,
Байзақ ауданы ТЖ бөлімінің инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты.



Ірі азықтарды кіргізу және оны сақтау кезінде тұрғын үй секторында аса жайсыз өрт қаупі туындайды. Көбінесе ұқыпсыз қожайындар азықтарды қораларға, қоршауларға, жолдың өтетін бөлігіне жинайды. Сонымен бірге жинауға асықпайды.

Өрт шығуы үшін азғана ұшқын жеткілікті. Сондықтан шөпті жолдың өртке қарсы айрығында, ғимараттар, құрылыстар мен үйлер арасындағы жолда сақтауға тыйым салынғанын тағы бір айту артық етпейді.

Бұдан өзге ірі азықтарды дайындаумен айналысатын ауылшаруашылық басшылары мен жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі ережелерінің мына талаптарын сақтау туралы ескерткіміз келеді:

- қоралардың шатырларына және басқа шаруашылық құрылыстарына жинауға;
- электр жеткізу желілерінің астына жинауға;
- учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта;
- көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошқатарын, шөмеле, маяларын, сабан және басқа да ірі жем-шөпті орналастыруға жол берілмейді.
- ірі жемшөптерді тасымалдау пайдаланылған құбырлары радиатордың астынан шығарылған, ұшқын өшіргіштермен және қосымша екі ұнтақты өрт сөндіргішпен жабдықталған арнайы көлік құралдарында жүзеге асырылады.
- ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтындай етіп орындалады.

Өрт кезіндегі іс әрекеттер тәртібі

Өрт немесе жану оқиғасының белгісі байқалған кезде (түтіндеу, жану иісі, температураның көтерілуі) әрбір азаматқа:

- тез арада «101» немесе «112» телефоны арқылы өртке қарсы қызметке хабарлау (объектінің мекен жайын, өрттің шығу орнын, сондай-ақ өзінің аты-жөнін хабарлау);
- мүмкіндігінше адамдарды және құнды заттарды қауіпсіз орынға көшіру, өртті сөндіруге тиісті шаралар қабылдау;
- өртке қарсы қызмет бөлімшелерін келуін күтулі ұйымдастыру және өрт сөндіру көліктерінің өрт орнына ең жақын жолдармен келуіне жәрдем беру қажет.

БАЙЗАҚ АУДАНЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ!!!

Құрметті аудан тұрғындары, сондай-ақ ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жұмысшылары! Жоғарыда келтірілген шараларды қатаң түрде орындау Сізді және сіздің мүлкіңізді өрттен сақтайды.

«АҚ НИЕТ» шипажайы емделуге және демалуға шақырады

«А ниет» шипажайы аудан орталығы Меркі ауылынан 5 шақырым жерде, экологиялық таза, тыныш аймағында орналасқан. Тамаша климат, жасанды көл, әдемі табиғаты бар, жақсы демалыс орны. Жатар орын, ем алу, тамақтану, барлығы бір корпусның ішінде. Далаға тек дем алып, серуен жасағанға шығасыз. Шипажай 12 ай жұмыс істейді.

Негізгі емдейтін ауру түрлері:

1. Сүйек-буын аурулары: полиартриттер, остеохондроз, радикулит, подагра.
 2. Әйел жыныс аурулары: бедеуліктің түрлері I және II, жыныс мүшелерінің қабыну аурулары: жатыр миомасы I2 апталық мерзімге дейін.
 3. Нерв-жүйе аурулары: әртүрлі радикулиттер, невриттер, невроздар, невралгия, энцефалопатия.
 4. Асқазан-ішек жолдары аурулары: созылмалы гастриттер, холециститтер, өт жолдарының қабыну процестері.
 5. Урологиялық аурулар: простатит, пилонифриттер, циститтер.
 6. Эндокриндік аурулар: бүйрек үсті безінің гипофункциясы, қалқанша безінің қабынуы (зоб I-II степені), сезімдік аурулары, диабет.
- Демалушыларға**-дүкен, би алаңы, машина қою алаңы т.б. қызмет көрсетеді.
- Шипажайға жету жолдары:**
Теміржолмен – Луговая ст. немесе Шу ст., әрі қарай такси немесе автобуспен Меркі ауылына дейін, содан соң такси немесе автобуспен (маршрут 3,5) «Ақ ниет» шипажайына жетесіз.

немесе автобуспен (маршрут 3,5) «Ақ ниет» шипажайына жетесіз.

Ұшақпен - Тараз қаласы әуежайы, әрі қарай такси немесе автобуспен Меркі ауылына дейін, содан соң такси немесе автобуспен (маршрут 3,5) «Ақ ниет» шипажайына жетесіз.

Жолдаманы (путевканы) шипажайға келген кезде сатып алуға болады.

Мекен-жайымыз: Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ойтал ауылы, Чистый пруд көшесі, 20.

Толық мәліметтер алу үшін мына мекен-жайға хабарласуға болады:

Бас дәрігер: +701 168 58 02;

Бухгалтерия: +7 (726 32) 4-34-04.

Орналыстыру және жолдама алу:

+7 (726 32) 4-34-00.

E-mail: san_akniet@mail.ru

Ресми сайты: www.akniet-san.kz

Ревизиты

ТОО «Санаторий «Ақ ниет»:

Директор Сарыбеков Е.Г.

Факс: 4 34 04 (бухгалтерия)

Индекс: 080513 РК, Жамбылская область,

Меркенский район, пос. Ойтал, ул. Чистый пруд, 20

РНН 210600211829

БИН 070240016888

ИИК KZ5894810KZT22030536

БИК EURKZKA

Код 17

в отделении №1002 в с.Мерке филиалы

№10 АО «Евразийский банк» г.Тараз.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Т-300-08-86. Утеранный гос. акт на право владения земельным участком для ведения личного подсобного хозяйства (№212573, кадастровый номер -06-087-021-1431, площадь - 0,1000 га) на имя **Орынбасаровой Зауреш Алтыновны**, выданный на основании решения акима 31.10.2007 г. за №963, расположенный по адресу: Жамбылская область, Байзакский район, Бурылский с/о, с.Кумжота, массив “Нур”, д.26, считать недействительным.

Т-301-08-86. Открылось наследство после смерти **Осипова Геннадия Борисовича**, умершего 19 ноября 2014 года, на день смерти проживавшего по адресу: Жамбылская область, Байзакский район, с.Бурыл, ул. 9 мая, 8/1.

Наследникам в течение месяца, после публикации объявления, обращаться в нотариальную контору по адресу: Жамбылская область, Байзакский район, с.Сарыкемер, ул. Смаилова, 1 “а”, к нотариусу Г.Мудуаровой.

+7 (771) 050-13-04

Деструктивті діни әрекеттерден жапа шеккендерді ОҢАЛТУ

РЕАБИЛИТАЦИЯ пострадавших от деструктивной религиозной деятельности

114

- Дінтанушы,
- Теолог,
- Психолог,
- Заңгер

мамандардың кеңесі мен көмегі

ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАҰЫРТ ЖЕЛІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-КЕҢЕСШІЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстанның көз келген аймағынан стационарлық қорырау шалу тегін қабылданады

Звонки с городского телефона из любой точки Казахстана принимаются бесплатно

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ИНФОРМАЦИОННО-КОНСУЛЬТАТИВНЫЙ ЦЕНТР
ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ
ПО ВОПРОСАМ РЕЛИГИИ

Консультация и помощь специалистов:
- Религиоведов,
- Психологов,
- Теологов,
- Юристов

Жамбыл облысы әкімдігінің
“Дін проблемаларын зерттеу орталығы” КММ

8 (7262) 51-50-20

КГУ “Центр исследования проблем религии”
акимата Жамбылской области

ДИРЕКТОР Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ
Редактордың уақытша міндетін атқарушы
Г. ЕРМУРАТОВА

Кезекші **Р. Жақыпбаева**

Меншік иесі -
“Байзақ аудандық “Ауыл жаңалығы” -
“Сельская новь” газетінің редакциясы”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат агенттігі (11.06.2014 ж.) тіркеліп, № 14388-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 “б” үй. Қалыбы ЖШС “Қанатты қалам өлемі” баспаханасында жасалып, көбейтілді. **Таралымы 3560 дана.**
Тапсырыс №76

Газет аптасына екі рет, **сәрсенбі, сенбі** күндері шығады.
Редакция авторлардың көзқарасы мен оқырман хаттарына жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Ⓐ - материалдың жариялану ақысы төленген.

Мекен-жайымыз:
Индекс **080100.**
Жамбыл облысы,
Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы,
М.Х.Дулати көшесі,
10 “а” үй.

Директор-Бас редактор: **2-28-60.**
Хаттар бөлімі, тілшілер: **2-12-37.**
Есеп бөлімі, жауапты хатшы: **2-15-70.**
Газет сайты: **www.auil-zhanaligi.kz**
Эл.почта: **auil@mail.ru**

